

2023 жылдың II-жарты жылдығының қортындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелеріне талдамалық анықтама

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-нің басшысының 2023 жылғы 04 желтоқсандағы № 478 бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, 2023 жылдың 07 шілде айынан 11 желтоқсан аралығында мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Мекен жайы: Ақтөбе қаласы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан көшесі, 5 үй, электрондық пошта: info@temir.edugov.kz телефон нөмері 8(71346)2-27-48.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2023 жылдың II- жарты жылдығы.

II. Ақпараттық талдамалық бөлімі.

Ауданның білім бөлімінде штат саны 36 бірлік құрайды, 2023 жылдың 11 желтоқсан күніне нақты жұмыс жасайтындар-32 адам, уақытша бос вакансия-2.

Бөлімнің аппаратында штат саны-7 бірлік, оның ішінді 4-мемлекеттік қызметші, 1 заңгер, 2-қызметкер, бос вакансия жоқ.

Бөлімнің жанындағы әдістемелік кабинетте штат саны- 9 бірлік, жұмыс жасайтындар-9, бос вакансия жоқ.

Бөлімнің жанындағы орталықтандырылған есеп бөлімінде штат саны- 20 бірлік, жұмыс жасайтындар-18, бос вакансия-2.

2023 жылдың II жартыжылдығында Темір ауданының білім бөлімінде жұмыстан 2 адам босатылып, 2 адам жұмысқа қабылданды.

Ағымдағы жылы 3 қызметкерге Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 64 бабы 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес «ескерту» тәртіптік жазасы берілді.

Көрсетілген мерзімде сыбайлас жемқорлық бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер жоқ. Барлық қызметкерлер қойылатын талаптарға сай келеді, арнайы білімдері бар. Жағымсыз қылықтармен жұмыстан босатылғандар, лауазымы бойынша төмендетілгендер жоқ. Кадрлық іс-жүргізу қойылған талаптарға сәйкес келеді және қалыпты деңгейде жүргізілуде.

III. Мемлекеттік қызметтер бойынша

Темір ауданының білім бөлімінің және білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша:

Қамқоршылық және қорғаншылық органы, оның ішінде балалардың құқығын қорғау бойынша:

2023 жылдың II-жарты жылдығында құрамында қамқоршылық және қорғаншылық органы бар, Темір аудандық білім бөлімінің балалардың құқығын қорғау мәселелері бойынша жалпы 2498 мемлекеттік қызмет түрі келіп түскен.

қағаз жүзінде-1545 электронды түрде-927. Мемлекеттік госкорпорация-26.бас тарту-15.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылған талаптарға сәйкес келеді және қалыпты деңгейде жүргізілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде жұмыс тобы Темір аудандық білім бөліміне қарасты қамқоршылық және қорғаншылық органы мемлекеттік қызмет көрсету стандартында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген тұжырымға келді. Басшыға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

IV. Мемлекеттік сатып алу

Бөлім және бөлімге қарасты ұйымдардың қызметіне қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы айқын және ашық электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандайда бір байланысқа түсуге мүмкіндіктің болмауына байланысты, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді.

Қолданыстағы мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес, жоспарланып отырған және өткізілетін барлық сатып алулар туралы ақпараттар **goszakup.gov.kz** мемлекеттік сатып алу веб порталында ашық көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдың екінші жартылығында барлығы 108 келісім шарт жасалған. Оның ішінде бағалы ұсыныстарына сұраным тәсілімен 65, бір көзден тікелей шарт жасасумен 34, электрондық дүкеннен, өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу 9,

Аталмыш веб порталда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулардың түрлері мен бағасы және олардың келісім шарттарының орындалу мерзімі көрсетілген, сонымен қатар тиісті қаржы жылының мемлекеттік сатып алу жоспары облыстық бюджетті бекіткен уақыттан бастап жарияланады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына сәйкес мекемеде 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жасау жоспарға алынды. Жоспарда келесідей іс-шаралар көзделген: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, мемлекеттік

сатып алулар жүргізу барысында айқындылықты сақтауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы басылымдарды бақылап отыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарсы мәдениет қалыптастырудың өзекті мәселері бойынша дөңгелек үстел өткізу, іс-шаралардың қорытындысын мемлекеттік мекеменің интернет парақшаларында жария етіп отыру.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдар бойынша:

2023 жылдың II-ші жарты жылдығында е-өтініш базасы арқылы келіп түскен арыз шағымдар саны - 55, қараусыз кері қайтарылған саны – 0.

Келіп түскен барлық арызға Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жауап берілген.

Мемлекеттік мекеменің интернет парақшаларда жағымсыз материалдар жариялау бойынша:

Темір ауданының білім бөлімінің инстаграм, фейсбук, телеграмм желілерінде ресми парақшалары ашылған, белсенді түрде жүргізіледі. Сонымен қатар әлеуметтік желілерді жүргізу барысында:

Бөлімнің әлеуметтік инстаграм парақшасында 7020 ақпарат, 8371 тұрғын әлеуметтік желінің тұрақты оқырманы ретінде тіркелген, фейсбук желісінде 425 оқырман.

Парақшалар тұрақты жаңартылады, күніне кем дегенде 3-4 пост салынады, білім саласына қатысты маңызды ақпараттар салынып, өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарланып отырады. Тұрғындар тарапынан қойылатын сұрақтарға уақытылы жауап беріледі.

БАҚ пен әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттар мен мәліметтер мұқият тексеріліп, сарапталады.

Тікелей эфирге шығу бөлім басшысы тарапынан қажеттілік болған жағдайда жүзеге асып отырады, тікелей эфирмен жұмыс тұрақты жүргізілуде.

«Темір ауданының білім бөлімі» ММ-сіне қатысты БАҚ-да немесе әлеуметтік желілерде жарияланған жағымсыз пікірлер мен жарияланымдарды уақытылы жіті қадағалап отыру басты назарда. Жағымсыз жарияланымдарға немесе әлеуметтік желілерде жазылған пікірлерді уақытылы байқап, мониторинг жүргізіп, тиісінше сол жарияланымға бөлім тарапынан қажет болған жағдайда ресми жауап беріледі. Қазіргі таңда бөлім тарапынан арнайы маман тағайындалып жағымсыз жарияланымдарды байқаған жағдайда, жан-жақты зерттеліп, тиісті мамандармен жұмыс жасаланып, жағдайды ушықтырмау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылады.


Қорытынды:

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде жұмыс тобы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ-сі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген тұжырымға келді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жақсарту бойынша ұсыныстар:

1) Қолданыстағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама нормаларын түсіндіре отырып азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру кезінде заңдылықты қамтамасыз ету.

Бөлім басшысы



А.Усербаев

Д.Қалиева

